

Факультет: Жалпы медицина

Кафедра:

Курс: 3

Студенттің өзіндік жұмысы

Тақырыбы: Ауруханалардың ішін ұйымдастыруға қойылатын гигиеналық талаптар

Орындаған: Сабит Аманкул 312 “А”
Тексерген: Жұбаниязова Аягуль

□

□ Ақтөбе- 2015

Жоспар

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
 1. Ауруханың жер телімін таңдау.
 2. Аурухананың негізгі құрылымдық бөлімшелері
 3. Ауруханалардың емдеу-диагностикалық бөлімдері.
- Қорытынды
- Пайдаланған әдебиеттер

Кіріспе


- Аурухана мекемелерін жоспарлау, науқастарды орналастыру, ауруханаларды жабдықтау және күтіп ұстау жөніндегі гигиеналық талаптардың сақталуы да, қазіргі кездегі әлемнің көптеген елдеріндегі өзекті мәселе болып отырған *аурухана ішілік инфекциялардың алдын алудың* қажетті шарттары болып табылады. Және де бұл мәселе, бұрыннан емдеу үрдісімен қатар келе жатқан фактор ретінде, тек қана жұқпалы аурулар, хирургиялық және босану бөлімшелерінде ғана емес, басқа да барлық бөлімдерге қатысты. Науқастарды стационарлық *емдеудің жетістігі*, көбінесе олардың ауруханада болу жағдайымен байланысты. Жарық, кең, таза палаталар, бөлмедегі таза ауа, тыныштық, құнды және дәмді тамақтану, жеткілікті ұйықтау, күнделікті душ және ванна қабылдау, ағаш, талдардың арасында серуендеу мүмкіншілігі емдеу үрдісінің өзінен емдік маңыздылығы кем емес факторлар болып табылады. Белгілі орыс терапевті В.А. Манассеин (1841-1901) : «терапия –бұл, біріншіден, ауру адамның гигиенасы, егер науқасқа қажетті гигиеналық жағдайлар жасалмаса, онда ол дәрменсіз»-деген.

Ауруханаларды жоспарлау, құрылысын салу және жұмыс істеу кезінде, ауруханаларды гигиеналық тұрғыдан аббаттандыру сұрақтарын тиімді шешу үшін, келесі қағидаларды іске асыру керек

- 1. Стационарда науқастардың болуына қолайлы жағдай туғызу, емдік-қорғаныс тәртібін қамтамасыз ету;
- 2. Аурухана ішілік инфекцияларды болдырмау;
- 3. Тиімді емдеу үрдістері мен алдын алу шараларын жүргізуге асыру үшін жағдай туғызу;
- 4. Медицина қызметкерлері үшін қолайлы еңбек жағдайын жасау;
- 5. Рационалды тамақтануды ұйымдастыру үшін жағдай жасау;
- 6. Ауруханада жаңа емдеу, диагностика әдістерін, жаңа аспаптар мен жабдықтарды енгізу үшін жағдай қамтамасыз ету;
- 7. Ауруханада медицина кадрларын дайындауға мүмкіншілік туғызатын жағдайларды қамтамасыз ету;
- 8. Науқастар арасында санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізу және салауатты өмір салтын насихаттау үшін жағдайлар туғызу.

Жер учаскесін *рационалды жоспарлау, ауруханаларды* гигиеналық жағынан абаттандырудың көптеген жақтарын қамтамасыз етеді. Емдеу-алдын алу мекемесін өз жер учаскесінде орналастыру жоспары болып табылатын аурухананың *бас жоспары* бірнеше функционалды зоналарға бөпүлі қаарастыралды:

- 1. емдеу корпустарының, жұқпалы емес және жұқпалы ауруларға арналған;
- 2. бау-саябақ;
- 3. әкімшілік-емхана;
- 4. патологиялық-анатомиялық корпусы
- 5. шаруашылық-құрылыстар зонасына



1 — бас корпус; 2 — емхана; 3 — акушерлік-гинекологиялық корпус; 4 — жұқпалы аурулар корпусы; 5 — ас блогі; 6 — шаруашылық корпусы; 7 — патологиялық-анатомиялық корпус.

- Қазіргі кездегі ауруханалар көп төсекті, құрылымы мен қызметі күрделі, әр түрлі мамандандырылған медициналық көмек түрлерін көрсететін бөлімшелері болуымен, жаңа емдеу және диагностика әдістерін дамытумен және енгізумен, жоғары техникалық жабдықталуымен, қымбат тұратын жабдықтарды күтетін инженерлік-техникалық қызметті ұстау қажеттілігімен, аурухана базасында маман қызметкерлерді дайындаумен ерекшеленеді.



Аурухананың негізгі құрылымдық бөлімшелеріне жататындар:

- Қабылдау бөлімі;
- Стационардың мамандандырылған палаталық бөлімі;
- Емдеу-диагностикалық бөлімдері: функционалдық диагностика, рентген-диагностикалық, физиотерапевтік, емдік физкультура, анестезиология және реанимация, операциялық блок;
- Зертхана;
- Патологиялық-анатомиялық бөлім;
- Ас блогі;
- Дезкамерасы бар кір жуатын бөлім;
- Орталық стерильдеу бөлімі;
- Дәріхана;
- Әкімшілік-шаруашылық бөлімі және қосалқы бөлімшелер: медициналық техникаларды жөндейтін шеберханалар, гараж және көкөніс сақтайтын қойма және т.т.

- ▣ **1.Қабылдау бөлімі.** Қабылдау бөлімінің құрамында күту, тіркеу және анықтама, кезекші дәрігердің кабинеті, қарау бөлмесі, рентген кабинеті, зертхана, қызметкерлер мен науқастарға арналған дәретханалар қарастырылады. Бөлімді жоспарлау, науқастардың инфекцияны бір-бірінен айқас жұқтыру қаупін максималды төмендететін болуы тиіс.



Палаталық бөлім

Палаталық бөлімінде науқастардың сырқатының түрін анықтау, емдеу және күтім жасау жүргізіледі. Санитарлық нормаларға сәйкес, палата бөлімдерін келесі түрлерге бөледі:

- Үлкен адамдарға арналған, жұқпалы емес аурулардың (оның ішінде психиатриялық та);
- Аурулары жұқпалы емес балаларға арналған;
- Жұқпалы ауруларға арналған;
- Радиологиялық;

Жұқпалы аурулар және радиологиялық бөлімдері аурухананың мамандандырылған бөлімдері, себебі, жұқпалы аурулар бөлімінде тек жұқпалы аурулары бар адамдар, ал, радиологиялық бөлімде – сырқаттарын емдеуде иондағыш сәулелер қолданылатын науқастар емделеді. Жұқпалы емес аурулар бөлімдері әр түрлі мамандандырылған бөлімдерге бөлінеді: терапевтік, хирургиялық, акушерлік, гинекологиялық, балалар бөлімдеріне. Мұндай бөлімдердің әр біреуінің өзі жеке мамандық салаларына бөлінуі мүмкін. Мысалы, хирургиялық бөлімдердің ішінен нейрохирургия, кеуде және іш хирургиясы, травматология және басқада бөлімдерге бөлінуі мүмкін.

Стационардың негізгі функционалдық элементі болып табылатын палата бөлімі, әдетте, 60 төсекке есептелді және палата секцияларынан тұрады. Төсек саны аз (30) бөлімдер де, болуы мүмкін. *Палаталық секция деп*, сырқаттары бір түрдегі 25-30 науқасты емдеуге арналған палаталардың, емдеу- қосалқы және көмекші бөлмелердің кешенін айтады. Бұл, *стационардың негізгі функционалдық элементі* болып есептеледі.

Үлкен адамдарға арналған палаталық секцияларда келесі бөлмелерді бөледі:

1. Ауруларға арналған – палаталар, күндізгі уақытта болатын бөлмелер, холлдар және верандалар;
2. Емдік-қосалқы: меңгерушінің кабинеті, дәрігерлердің кабинеті, ем-шара бөлмесі, жара таңу (хирургиялық бөлімде), кезекші медбике посты, клизма жасау бөлмесі;
3. Шаруашылық: буфет, асхана, аға медбике және шаруашылық бике бөлмесі;
4. Санитарлық жүйе: ванна бөлмесі, қызметкерлер мен науқастарға арналған дәретхана, жуынатын бөлме, ластанған киім-кешек сақтайтын, дәрет ыдыстарын жуатын және стерильдейтін, клеенкаларды жуатын және бөлмелерді жуып-жинайтын заттарды сақтайтын бөлмелер;
5. Палата дәлізі.

- Емдеу-диагностикалық бөлімдері
 - Қалпына келтіріп емдеу немесе реабилитация
- Рентген-диагностикалық бөлімі
- операциялық блок,
- анестезиология және реанимация бөлімі
- функционалдық диагностика

Ауруханалардың емдеу-диагностикалық бөлімдері

- Ауруханада төсек саны аз болса (400 төсектен кем), функционалдық диагностика бөлімі, емхана мен стационар үшін біреу болуы мүмкін. Төсек саны көп болған жағдайда, жеке екі бөлім жасайды: емханаға келушілер үшін және стационардағы ауруларды қабылдау үшін. Функционалдық диагностика бөлімінің құрамына тек диагностикалық мақсатта ғана емес, сонымен қатар, жеке жағдайларда ем жүргізуге арналған әр түрлі мамандандырылған кабинеттер кіреді. Бөлімде электрокардиография, эхокардиография, доплерэхокардиография, әр түрлі жерлерде орналасқан қан тамырларын, ішкі мүшелер мен бас миын ультрадыбыстық зерттеу, электроэнцефалография, спирография, асқазанға, ішекке, кеңірдегіне эндоскопиялық зерттеулер және басқалар жүргізіледі. Функционалдық диагностика бөлімі, ғимараттың немесе аурухана қабатының бөлек шетінде орналасады. Жеке кабинеттерді жүргізілетін зерттеулерге байланысты және гигиеналық талаптарға сәйкес орналастырады, жоспарлайды және жабдықтайды.



Қорытынды

- Қазіргі кездегі аурухана ортасының және медицина қызметкерлерінің кәсіби іс- әрекетін орындауымен байланысты факторлары медицина қызметкерлерінің денсаулығына да әсер етеді. Мұндай факторларға, мысалы, шамадан артық психоэмоционалдық жүктемелер, статикалық және динамикалық дене жұмысының жүктемелері, түнгі қызмет, инфекция жұқтыру мүмкіншілігі, иондаушы және иондаушы емес электромагниттік сәулеленулердің, ультрадыбыстың, қолайсыз микроклимат жағдайларының, ауаның ластануының, т.б. әсерлері жатады. Еңбек жағдайының жақсы, салауатты болуы, медицина қызметкерлерінің денсаулығын сақтау ғана емес, сонымен қатар, өздерінің мамандығына байланысты міндеттерін нәтижелі атқаруы үшін де маңызды. Медициналық көмек көрсету деңгейі медицинаға ғылымның жаңа жетістіктерін енгізумен түйіндес болып келеді. Бірақ, көптеген жаңа емдеу мен диагностика әдістері және оларды аспаптармен қамтамасыз ету, *гигиеналық талаптарға сай келетін жағдайлар жасауды* талап етеді. Мысалы, лазерлерді медицина практикасына енгізу, олармен жұмыс істеу үшін бөлек бөлмелердің болуын және қорғаныс шараларының сақталуын талап етті, магниттік-резонанстық диагностиканы қолдану – құрылыстық-жоспарлау шешімдерін және т.б. қажет етті.

Қолданылған әдебиеттер

- 1. Гигиена /Под ред. акад. РАМН Г.И. Румянцева. - М.: ГЭОТАР МЕДИЦИНА, 2000.-608с.
- 2. Беляков В.Д., Жук Е.Г. Военная гигиена и эпидемиология. Учебное пособие. – М.: Медицина, 1988 г. – М.: Медицина, 1988. – 320 с.
- 3. Кенесариев У.И., Балмахаева Р.М., Жоламанов М.Е., Алимova Н.Е. Гигиена питания: Учебное пособие по общей гигиене для студентов медицинских вузов. – Алматы, 2005. – Ч.1. – 143 с.
- 4. Пивоваров Ю.П., Королик В.В., Зиневич Л.С. Гигиена и основы экологии человека. – Ростов н/Д: «Феникс».2002.- 512 с.
- 5. Гурова А. И. , Горлова О. Е. – Практикум по общей гигиене . – М. : Изд-во Университета дружбы народов , 1991. – 177 с.
- 6. Пивоваров Ю.П. Руководство к лабораторным занятиям по гигиене и основам экологии человека.- М.: ГОУ ВУНМЦ МЗ РФ, 2001. -432 с.